

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІС

Аннотация

Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап экономикалық жағдайын тұрақтандыру, ішкі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инвестицияларды тарту жөніндегі саясаты және қазіргі кездегі инвестициялық хал-ахуалына талдау жасалынған. Республикалық маңызды инвестициялық үдерістердің жүруіне себеп болған заңдардың негіздері айтылған.

Сонымен қатар шетел капиталын ұлттық экономикаға тартудың негізгі себептері көрсетілген. Еліміздегі ішкі экономикалық құқықтық жағдайдың инвесторларға қолайлы жақтарымен қатар қолайсыз жақтары қарастырылған.

Қазақстан Республикасының инвестициялық үдерісінің негізгі даму тенденциялары анықталған.

Кілт сөздер: Инвестицияларды тарту, инвестициялық хал-ахуалды талдау, шетел капиталын ұлттық экономикаға тарту, инвестициялық үдеріс, инвестициялық қызметтерінің негізгі көрсеткіштері.

Ключевые слова: Поиск инвестиций, обсуждение инвестиционного положения, приток заграничного капитала в национальную экономику, инвестиционный процесс, основные показатели инвестиционной деятельности.

Keywords: Search of investments, a discussion is an investment positions, foreign cash inflow in a nationaleconomy, investment process, basic investment performance indicators.

Әрбір елдің экономикалық өсуі жаңа ірімасштабты жобалардың көмегінсіз, инвестиция және инновация, саяси тұрақтылықтан және қаржылық жүйенің тұрақтануынан, инвесторлардың сенімділігімен, ұлттық өндірістің тиімді дамуынсыз қалыптасуы мүмкін емес. Олар үшін: жетілген саяси құрылым; кәсіпорындар үшін кешенді стратегияны өңдеу; бәсекелік жағдайын ғылыми-техникалық прогреске сай орындау; елдің қауіпсіздігін нығайту; адамның тұлға екендігін көрсете білу; инвестицияны дұрыс пайдалану қажет.

Әрбір мемлекеттік ішкі құрылымының дұрыс дамуы өсуге алып келеді.


Ал біздің елдегі инвестициялық хал-ахуал қандай?

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап экономикалық жағдайын тұрақтандыру, ішкі экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инвестициялар тарту жөніндегі саясаты белсенді түрде жүзеге асырылуда шетел инвестициясын тарту республиканың инвестициялық үдерісінің жедел әрі тиімді дамуының бірден бір жолы болып табылады. Шетелдік инвестицияларды тарту отын энергетика, мұнай өндіру және өңдеу, алтын өңдеу өнеркәсіптері, көлік және коммуникация сияқты басты салаларда құрылымдық -инвестициялық саясатты жүргізу қаржының жетіспеушілігімен ішкі нарықты тұрақтандырумен байланысты.

Инвестициялық саясат елдің стратегиялық экономикалық мақсаттары мен мәселелерін анықтайтын ең маңызды элемент. Экономикалық реформаларға сәйкес халықаралық капиталмен инвестиция тартудың мемлекеттік саясаты дағдарыс пен инфляцияны тежеуге, жеке инвесторлардың инвестициялық белсенділігін арттыруға және өндірістік құрылымдық өзгерістерге септігін тигізуде. Шетел инвестицияларының Кен өндіру өнеркәсіптеріне келіп түсуі Қазақстан экономикасының шикізат секторын дамытуға жағдай жасайды. Республиканың өнеркәсіп құрылымында шикізат кешенінің үлесі 65% -ті құрайды. Мемлекет саясаты осы сектордағы шикізат ресурстарын ұлғайту мақсатында инвестиция тартуды, қосымша ынталандыруды жақсартуға негізделеді.

1 – кесте. Инвестициялық қызметтерінің негізгі көрсеткіштерінің серпіні

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар		Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар	
	млн. теңге	өткен жылға %-бен	млн. теңге	өткен жылға %-бен
2003	1327864	116,6	59524	158,9
2004	1703684	123,1	130495	210,2
2005	2420976	134,1	254287	185,9
2006	2824523	111,1	368354	138,2
2007	3392122	113,5	490375	126,2
2008	4210878	114,8	468039	88,8
2009	4585298	102,9	310848	63,1
2010	4653528	97,0	335655	103,6
2011	5010231	102,9	421013	120,3



1-сурет. Негізгі капиталға салынған инвестициялар

Шетел капиталын ұлттық экономикаға тарту өте пайдалы үдеріс. Біріншіден, шетелдік инвестициялар елдің өндіріс базасын жедел жетілдіруге және оның өндірістік мүмкіндіктерін артыруға көмектеседі. Екіншіден, шетел фирмалары жаңа өндірістік кәсіпорындар ашумен қатар капиталдық бәсекелестікте мыңдаған еңбекпен өндірісті ұйымдастыру тәжірибесін ала келеді.

Инвестициялық климатты жақсарту, жаңа инвестициялар тарту және оларды дамытуға мемлекеттік қолдау жүйесін күшейту Қазақстан саясатының басымдылық бағыты болып табылады. Нәтижесінде мемлекетіміздің халықаралық бәсекелестік қабілеті ел экономикасына тартылған шетел инвестициясымен оның табиғи байлықты игерудегі орнын анықтайды. Мұнан шығатын қорытынды жаңа шетел инвестицияларының

тартылуымен Қазақстан болашағы ондағы инвесторлар тұтынуының қанағаттану дәрежесіне тәуелді екенін көрсетеді.

Еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары шетелдік инвесторлар Қазақстанға келіп, жұмыс істеуге жүректері дауаламады. Оның себебі де түсінікті, өйткені Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін жүргізілген жекешелендіру реформалары өте күрделі кезеңге деп келді. Саудада да дүкен сөрелері бос қалып, инфляция қаулай бастады. Үкімет мемлекет иелігіндегі кәсіпорындарды жеке басқаруға бере бастаған шақта ірі кәсіпорындардың көбі одан ары қарай жылжуға дәрмені жетпей тоқтап қалды, өте аз. Бұны жандандыруға ірі шаңырақ көтерген жас мемлекеттің экономикалық қуаты жетпеді. Осыны көріп, біліп отырған шетелдік инвесторлар Қазақстанға қаржы салып, жұмыс істеуге батылдық ете алмады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, меншіктің ұланғайыр реформасын қысқа мерзімде жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Сол орындағы күрделі жағдай түзетілгенге дейінгі барлық уақытта Президент бұл салаға жете назар аударып отырды. Қазақстанға келіп жұмыс істеуді ниет еткен инвесторларға мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында 1994 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне "Шетелдік инвестициялар туралы" заңын, алғаш 1997 жылы 28 ақпанда "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" заңын Қазақстан Республикасының Парламентінде қабылдаттырады. Осы заңдармен бірге, Қазақстан Республикасы үкіметінің инвестицияға қатысты қаулылары шетелдік инвесторлардың Қазақстанға келіп жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Сонымен меншік иесі өзгерген нысандарының алғашқыларының қатарында "Қарағанды металлургия комбинаты", "Жезқазған түсті металл АҚ," және "Балқаш мыс Балқыту комбинаты", "Павлодар алюминий зауыты", "Қазхром" ТИК, "Ақтөбемұнай" бірлестігі және Шымкент мұнай өңдеу зауыты болды.

Шыны керек, дағдарыс кұрсауында қалған бұл кәсіпорындар мыңдаған қазақстандықтарға жұмыс бере отырып, ойдағыдай ілгері дамып келеді. Одан басқа да үлкенді-кішілі шетелдік кәсіпорындар Қазақстанның экономикалық қуатын арттыруға өзіндік үлестерін қосты. Оны Қазақстанның қазіргі экономикалық өсуінен де байқау қиын емес.

Қазақстанда шетел компанияларының жетекшілері және өкілдердің кіріп-шығу мәселелерін жеңілдету мақсатымен арнайы "инвесторлық виза" беру практикасы енгізілді. Мұндай визалардың иегерлері ішкі істер органдарында тіркелмей, құжаттық және кедендік бақылауды жеңілдікпен өтеді.

Қазақстанда инвесторлардың жұмысына жағымды әсер ететін бірқатар саяси факторлар баршылық: саяси және әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуы және дамуы, шетелдік инвесторлар үшін ұлттық режимнің қамтамасыз етілуі яғни пайданы репатриациялау құқығы берілген.

Үкімет нарықтық бәсекені әкімшілік араласпау арқылы қамтамасыз ететін оңтайлы макроэкономикалық саясатты жалғастыруда.

Инвестициялық климатты жақсарту, жаңа инвестицияларды тарту және оларды дамытуға мемлекеттік қолдау жүйесін күшейту Қазақстан саясатының басымдылық бағыты болып табылады.

Ішкі экономикалық құқықтық жағдайдың инвесторларға қолайлы жақтары:

1. Экспорттық кеден алымдарының салыстырмалы түрде аз болуы (орта есеппен 7,5%-ке қысқартылуы).

2. Экспорттық лицензиялауға жататын тауарлардың жалпы санының аздығы (35 тауар түріне қысқартылуы).

3. Экспорттық контингент санының көп еместігі.

4. Кеден қызметінің төлемі 1994 жылдан теңгемен есептеледі.

Ішкі экономикалық құқықтық инвесторларға қолайсыз жақтары:

1. Ішкі сауда монополиясын кеңейтудің түбегейлі болмауы.

2. Валюта айналымының қайталану жағдайы.

3. Экспорттық шектеуге жататын кейбір тауар түрлеріне рұқсат алудың ұзақтығы және қиындығы.

4. Кез келген уақытта өзгеруі мүмкін жеке нұсқаулар жиынтығы.

5. Экономикалық даму теріс болғанда, ішкі экономикалық өсу деңгейінің шектеліп қалу қаупі.

Шетел фирмалары үшін анықталмаған жағдайдың бірі – туындаған мәселені шешуге көмектесетін нақты органның болмауы. Олардың ойынша, өздері “One stop shop” (бір ғана дүкеннен бір аялдағанда сатып алу) атайтын, мүмкіндігінше туындаған мәселелерді шешетін бір органның болғаны дұрыс. Мысалға, Ұлыбританияда ондай орын бар. Ол – “Ұлыбританияның өнеркәсіп және сауда инвестициясы бюросы”.

Айта өту керек, Қазақстан нарығында тікелей және портфельді инвестицияларды ішкі және шетел инвестицияларының белсенді жұмыс жасап жатқандығы көрінеді. Бірақ та бір шардың оң жағымен қоса теріс жағы бар.

Біріншіден, бұл жерде жаңа технологиялық өндірістің енуі, жаңа менеджмент және маркетинг әдістері жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуы болса, екіншісі, бұл жерде дамушы елдерден үлкен көлемде пайда ресурстарды сыртқа шығарады. Бұл ұлттық экономикалық қауіпсіздік жағдайында проблемаларға алып келеді. Экономикалық іс-әрекеттерді басқаруды және бақылауды жоғалтып алуымыз мүмкін.

Үшіншісі, дамушы елдер қазіргі таңда шетел инвестициясынсыз алға жылжи алмайды. Бұл жерде айта өтейін, шетел инвестициясы елдің ұлттық инвестициясын ығыстырып шықпай оны толықтырушы болуы керек.

Қазақстан 2003 жылы ТМД елдерінің ішінен алғашқылардың бірі болып инвестициялық рейтингте ие болса, тағы маңызды оқиғаның бірі Әлемдік банк Қазақстанды әлемнің инвестиция салуға артықшылықты иеленетін 20 елдерінің қатарына қосты. Осыған байланысты аналитиктер "Euromoney" ағылшын журналындағы баяндамасындағы қызық мәліметтерінде көрсетілді, яғни 2002 жылдың қыркүйек айындағы 185 зерттелінген елдерді салыстырғанда тиімді экономикалық жағдайларды шетел инвестицияларына ұсынған Люксембург, Швейцария, Германия және АҚШ болды. Ал Қазақстан осы мәліметтің 69 ретінде 48,38 жинақталған балымен көрінді.

Республикалық маңызды инвестициялық процестің жүруін 2003 жылдың қаңтар айында қабылдаған ҚР "Инвестиция туралы" заңы себеп болады.

Инвестициялық климаттың жақсаруына Президентіміздің қол астындағы шетел инвестициялары Кеңесінің ҚР Сауда және индустрия министрлігінің шетел инвестициясы үшін арнайы комитеті, "Казинвест" инвестиция орталығы, саяси экономикалық факторлар әсер етуде,

Осы күнде инвестицияның бағытталуына Қазақстанның 2015 жылға дейін индустриалды – инновациялық даму стратегиясы жасалды. Бұл стратегияда инвестиция негізінен өңдеу өнеркәсібіне құйылады. Бұл салаға мемлекет көптеген көмек көрсетуді мақсат етті. Ал Қазақстан Даму Банкі алғашқы адымды бастап кетті, яғни отандық кәсіпкерлерге, экономиканың шикізатты емес саласымен айналысушы кәсіпкерлерге 150 млн. АҚШ долларын несиелей берді.

Елдегі инвестициялық үдерісті талдауымыз, төмендегідей негізгі даму тенденциясы көрсетеді:

- 1) инвестициялық климатты үнемі жетілдіруді;
- 2) инвестициялық іс-әрекеттің заңды қамтамасыз етілуінің жетілдірілуі;
- 3) мемлекеттің және ұлттық инвесторлардың белсенділігі;
- 4) институттардың рөлінің ұлғаюы дамуға әсер етуі керек;

Қазақстанның даму тенденциясы тек бұлармен шектеліп қалмайды.

Бүгінде еліміз экономикасында тұрақты даму орын алды. Қазақстан Республикасының ашық рыноктық экономикасы жүзеге асуға бағытталған саяси және экономикалық бір жүйелілікпен бет алуда.

Экономикалық үрдістің тұрақтылығы негізінде шетелдік қаржы қорларының Қазақ еліне деген сенімі артты. Бұдан Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің республикаға шетел капиталының құйылуын ынталандырудағы іс-әрекетінен, қолданып жатқан шараларынан көруге болады. Осы сенімділік дәрежесін анықтайтын үш бірдей халықаралық рейтинг агенттіктері Қазақстанға аса қауіптенбей инвестиция әкелуге болады деген тұжырым жасады. Осындай беделді шешім негізінде шетелдік банктердің, әртүрлі қорлардың қаржылары елімізге миллиондап емес миллиардтап келе бастады.

Сондықтан да, жалпы алғанда Қазақстанда қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасқан деп айтуға негіз бар. Ал ел экономикасының басым секторларын дамытуға шетелдік қана емес, сонымен қатар Қазақстандық инвесторларды да тартуға барынша жағдайлар жасалынып жатыр. Оның дәлелі қазір қолға алынып жатқан «Халықтық IPO» бағдарламасы.

ӘДЕБИЕТ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы - 27.01.2012ж.;

2 "Шетелдік инвестициялар туралы" заң - 1994 ж. 27 желтоқсан;

3 "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" заң - 1997 ж. 28 ақпан;

4 Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі - <http://www.kaz.stat.kz>;

5 Әлжанова Н. Ш. Инвестициялық жобалау: оқу құралы / Әлжанова Н. Ш. – Алматы : Заң әдебиеті, 2007. – 161 б.;

6 Әлжанова Н. Ш. Инвестициялық жобалау: электрондық ресурс / Әлжанова Н. Ш. – Алматы : Нұр -Пресс, 2007. –1 СД. – 125 б.

Резюме

Инвестиционный процесс в Республике Казахстан Резюме

Дан обзор политики Республики Казахстан по привлечению инвестиций и анализ современной инвестиционной деятельности. Уделяется внимание Закону «Об инвестициях», который в полной мере регламентирует правовые и экономические основы стимулирования инвестиций.

Были указаны основные процессы привлечения иностранных инвесторов, раскрываются подходящие и проблемные факторы, влияющие на инвесторов. Были рассмотрены перспективы развития инвестиционных процессов Республики Казахстан в будущем.

Investment process in the Republic of Kazakhstan Summary

This article provides an overview about the policy of the Republic of Kazakhstan in order to attract investment and provides also an analysis about the existing investment in that area. Besides that, it also refers to the laws of Kazakhstan "about Investments", which fully regulate the legal and economic organization to stimulate investment.

The contents on the article also explain the main processes of attracting foreign investors; it mentions the most relevant and problematic factors affecting investors.

Moreover, it illustrates the projects for the future development of investment processes in the Republic of Kazakhstan.

Поступила 1701.2013 г.